

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 14 – 18 сәуір



2025 жылғы 14 – 18 сәуір

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Сауда соғысы,
жартылай өткізгіштер
және Пауэлл

02



Алтын қымбаттап,
доллар түсіп, Қытай
таңғалдырып жатыр

03



Стратегиялық
қайта бағалау
уақыты

Сауда соғысы, жартылай өткізгіштер және Пауэлл

Өткен апта АҚШ-тың тарифтік саясатында күтпеген өзгерістерге ұшыраған нарық құбылыстарының жалғасы болды. Дүйсенбі күнгіжағымды болжамдарға қарамастан, нарықтар тарифтер тоқтатылуы мүмкін екені туралы хабарды естігенде, аптаның ортасында басымдық өзгерді: белгісіздік күшейді, ал индекстер минусқа кетті. **S&P 500 1,5%-ға, Nasdaq және Dow Jones шамамен 2,6%-ға төмендеп**, қысқартылған аптаны теріс аймақта аяқтады. Негізгі себеп – **сауда соғысына қатысты**, әсіресе жоғары технологиялық сегменттегі **қауіптің** күшеюі. Қытайға жартылай өткізгіштерді экспорттауға жаңа шектеулер **NVIDIA** және **AMD** сияқты флагмандарға қатты әсер етіп, жартылай өткізгіштер секторында жаппай сатылымға әкелді. Сонымен қатар ақша-кредит саясатының болашағына қатысты алаңдаушылық күшейе түсті: **Джером Пауэлл** мөлшерлеме бойынша кез келген іс-әрекеттің алдында ФРЖ «барынша анықтықты күтетінін» мәлімдеді. Ол сондай-ақ тарифтер инфляциялық қысымды күшейтіп, реттеуші үшін «екі мәрте сын-қатер» — жұмыспен қамту мен тұрақты бағаның арасында теңгерім жасай отырып, өсімді баяулатуы мүмкін екенін баса айтты. Жаһандық құбылмалылық аясында KASE индексі жергілікті нарықтың тұрақтылығын көрсетіп, **1,15%-ға** көтерілді.

АКТИВ	1-апта	1-ай	YTD
KASE	+1.15%	-1.41%	-0.10%
S&P 500	-2.28%	-6.79%	-10.18%
Nasdaq	-3.24%	-8.42%	-15.66%
Dow Jones	-3.41%	-6.77%	-8.00%
CSI 300	+0.71%	-3.29%	-3.79%
Hang Seng	-0.10%	-9.69%	+6.66%
Gold	+5.49%	+11.65%	+28.87%
Brent Oil	+3.34%	-6.37%	-10.17%
Crude Oil WTI	+3.37%	-7.57%	-11.42%
BTC/USD	+3.34%	+4.27%	-6.62%

Алтын қымбаттап, доллар түсіп, Қытай таңғалдырып жатыр

Халықаралық нарықтарда апта өте қызықты өтті. **АҚШ доллары** позициясын жоғалтуды жалғастырды – оның индексі **соңғы жеті аптаның алты аптасы бойы** төмендеп отыр, **үш жылдық ең төменгі деңгейге** дейін түсіп, **2024 жылдың аяғындағы деңгейден 8%-ға төмен** болып тұр.

Нәтижесінде **алтын бір күнде 2,26% және бір аптада 5,49%** қосып, бір унция үшін \$3900 белгісін еңсеріп, **қарқынды өсуді жалғастырды**. Бұл геосаяси және макроэкономикалық турбуленттілік жағдайында қорғау активтеріне деген айқын сұранысты көрсетеді.


Еуропалық орталық банк бейсенбі күні негізгі мөлшерлемені тағы да төмендетті — қатарынан жетінші рет төмендеді, бұл өңір экономикасының жағдайының әлсіз екенін білдіреді. Қорғанысқа, инфрақұрылымға жұмсалған шығынның өсуі және тарифтік соғыстың салдары басты назарда.

Осының аясында **Қытайдың** статистикасы күтпеген жағымды көрсеткішпен болды: **I тоқсанда ЖІӨ 5,4%-ға өсті**, ал бөлшек сауда мен өнеркәсіптік өндіріс те күткен нәтижеден асып кетті (сәйкесінше + 5,9% және + 7,7%). Бұл Азия нарықтарының позициясын нығайтып, жергілікті сілкініске қарамастан, жаһандық тәуекелге деген құлшынысты қолдады.

Рост ВВП Китая превзошел ожидания в первом квартале 2025 года

Резкие пошлины США грозят замедлить рост экономики с апреля

✓ ВВП в годовом исчислении




Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы, Bloomberg

Стратегиялық қайта бағалау уақыты

Нарықтар — тарифтік саясат пен геосаясаттан бастап пайыздық мөлшерлеме перспективасына дейін **тәуекелді қайта бағалау** сатысында тұр. Алтын құнының нығаюы, доллардың төмендеуі және қысқа мерзімді қазынашылық облигацияларға деген сұраныс алаңдаушылық тудырғанын көрсетеді. Инвесторлар ұзаққа созылған белгісіздік сценарийін (әсіресе технологиялық секторда және циклдік салаларда) бағаға қоса бастады.

Сонымен қатар Қытайдың күшті макростатистикасы, АҚШ-тағы бөлшек сауда көлемінің өсуі және шағын компаниялардың тұрақтылығы (Russell 2000 индексі 1%-дан астам көтерілді) **нарықтың сегменттелген күйінде қалып отырғанын** және оның ішінде мүмкіндіктер бар екенін көрсетеді. Әсіресе алдағы апта маңызды болады — есеп беру маусымы белсенді кезеңге өтеді, **Tesla, Boeing, Alphabet және басқа да алыптардың** басылымдары одан әрі қозғалысқа серпін бере алады.

Доллардың әлсіреуі мен сауда соғысы төңірегіндегі қауіптің аясында алтын рекордты жаңартты. Белгіленген баға өткен аптаның ең жоғары көрсеткішінен асып түсті



Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.